

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
«Айболған» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
Балабақша меңгерушісі:
Б. Б. Естауова



Педагогикалық кеңестің хаттамалары



2019-2020

«Айболған» ЖШС бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№1

Қатысқандар: 10

Мерзімі: 28.08.2019 ж

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына – жаңа дайындық»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жас мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани – адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық- кеңістіктік дамытушы орта құру.

Талқылау сұрақтары:

1. 2019-2020 оқу жылының жылдық жоспарымен, жаңа жылдық міндеттемемен танысу, бекіту және жаңа стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар, үлгілік оқу жоспары туралы толық түсіндіру.
2. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының қорытындысы.
3. Жаңа оқу жылына балабақшаның дайындығы (жоспарлау, топтарды безендіру, құжаттар мен пед. Құрал – жабдықтарды түгендеу т.б.)
4. Аттестация комиссиясын құру.
5. Көрме.
6. Шығармашылық портфолио.
7. Педагогикалық кеңестің шешімі.

1. Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Б.Естауова сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Сондай-ақ педагогтардың сапалық тізімімен таныстырды, яғни 1 әдіскер, 1 музыка жетекшісі, психолог, мектепалды даярлық сыныбының оқытушысы және 4 топтың тәрбиешілері. Әр тәрбиешінің қайсысы қай топта жұмыс атқаратынын айтып өтті. Жаңа оқу жылына жаңа қарқынмен кірісулерін қадап айтты. Одан кейін ең үлкен мәселенің бірі – жаңа стандарт туралы, ондағы өзгерістер туралы, жаңа оқу қызметтері қосылғанын ерекше айтып, бұйрықтарымен таныстырды. Келесі сөз кезегі балабақша әдіскері М.С.Нурлыбековаға берілді.

2. Тыңдалды: Әдіскер: Нурлыбекова М.С. – құрметті Естауова Б., қадірлі әріптестер, барлықтарыңызды жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Биылғы жаңа оқу жылында үлкен өзгеріс болып отыр, Яғни ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына өзгерістер енгізіліп отыр. ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысына 1-қосымша, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген. Осы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарты «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды айқындайды.

Стандарт талаптары:

1. Үлгілік оқу жоспарларын;
 2. Баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын және қосымша бағдарламаларды әзірлеуге негіз болып табылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасын;
 3. Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасын;
- Яғни білім беру салалары: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» екендігіне, ондағы өзгерістерге мән бергізді. Сонымен бірге оқу іс-әрекеті емес оқу қызметі екеніне, жаңа қосылған оқу қызметтері яғни орыс тілі, ағылшын, драма, жаратылыстану, тіл дамыту емес сөйлеуді дамыту, сауат ашу негіздері, валеология емес- қауіпсіз мінез-құлық негіздері, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, аппликация, қоршаған ортамен танысу т.б. өзгерістерге аса мән беріп өтті және осылай айтуға дағдылануларын талап етті. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусым №391 бұйрығына 1-қосымша; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымша – 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен таныстырып өтті. Жаңа оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі осы үлгілік жоспар бойынша жасалып, бекітілгенін ескертті. Оқу қызметінің кестесі, анықтамалар, яғни оқу жүктемесі, күн тәртібі т.б. құжаттар бекітіліп таратылды. Ендігі кезекте 2019-2020 оқу жылына қойылған жылдық міндеттемемізбен таныстырып өтейін:
1. Көркем шығарманы кейіпкерлендіру (Драматизациялау) барысында балалардың тіл байлығын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.
- Мақсаты:
- Балалармен: Балалардың білуге құмарлығын, талаптылығын өз бетімен жаңа әсерлерді ізденуін, түрлі әрекеттердегі қабілеттілігін байқау;
- Баланың тілдік қатынасын жан-жақты дамытуда халық ауыз әдебиетін қолдану;
- Сөздік қорын, дыбыстық мәдениетін, қиялы мен тілдік грамматикалық құрылымын жетілдіру және байланыстырып, сөйлеуін дамыту;
- Педагогтарға: Тәрбиешілер балалардың тілдік қатынасын дамытуда жан-жақты іздену;
- Оқу қызметтерін қызықты ұйымдастыру; ертегілерді кейіпкерлендіру; тілдік білімін дамытуда жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып, қабілетті тұлғаны тәрбиелеу жолын қарастыру.

Ата-аналарға: Ата-аналар балаларының балабақша өмірінің тәрбиесіне белсене қатыстыру; отбасы мен балабақша арасында ынтымақтастық орнату.

2.Күннің екінші жартысында мазмұнды –рөлді ойын ойнату арқылы балаларды ұжымдық және шығармашылық іс-әрекетке біріктіру және бағдарлау.

Мақсаты:

Мазмұнды-бейнелі ойын:отбасы,балабақша,мектеп,аурухана,ұшқыштар,маң фермасы,күс фермасы,құрылысшылар,мұнайшылар,темір жол,теңізшілер: Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып,ауызша сөйлеу машығын игереді,таным белсенділіктері қалыптаса түсіп,ақыл-ойы өсіп жетіледі,әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді.

Сонымен қатар баланың құзыреттіліктерін дамытатындай рөлдік-сюжеттік ойындарға үлкен мән берілуі тиіс.Ойын үстінде бала сұранысы мен тәрбиешінің тапсырмасы өзара ұштасады. Мысалы:Сюжеттік-рөлдік ойын:»Менің сүйікті кейіпкерім».Баланың сүйікті кейіпкері болатыны,өзінің оған ұқсағысы келетіні белгілі,ол баланың сол кейіпкер рөлін атқаруы оның моральдік танымы мен түсінігіне әсер етеді де,баланың жеке ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері өрістейді, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял-елестері дамиды, мұның бәрі баланың творчестволық талантын кеңейтеді. Осы жылдық міндеттемелерді жүзеге асыру үшін, барлық педагогикалық іскерліктеріңіз бен шеберліктеріңізді көрсетесіздер деп ойлаймын. Жаңа оқу жылында жаңаша табыстарға жетулеріңізге тілектеспін.Келесі сөз кезегін балабақша медбикесі А.Шамуратоваға беремін.

3. Тыңдалды: Балабақша медбикесі А.Шамуратова: Биылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары ойдағыдай өтті. Жоспарланған жоспар бойынша балаларға жеміс-жидектер, шырындар берілсе, таза ауада көп уақыттарын өткізіп, ауру-сытқаттан аман болды. Күннің ыстығында балалар бас киімі т.б. қадағалап отырдым. Барлық іс-шаралар методикалық талапқа сай өтті деп ойлаймын.

4. Тыңдалды: Келесі сөз кезегін балабақша меңгерушісі алып, барлық топтар жаңа оқу жылына 100%-ға дайын болуын, барлық оқу қызметінің күнтізбелік жоспары, технологиялық карталары, циклограмма, әдістемелік құралдары, оқу қызметтеріне қажетті көрнекі құралдар А-3 форматта балаларға оның тартымды қанық түсте болуын ескертті және оқу қызметіне қажетті құрал-жабдықтар, кезекшілік бұрыштары (табиғат бұрышындағы еңбек құралдары, асханадағы кезекшілік т.б.) төсек, сүлгі, шкаф т.б. маркировкалары сақадай сай болуын қадап айтты. Ата-аналарға арналған стендтарды ретке келтіру, балалардың бейімделу кезеңінде ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасауды айтып өтті.Әр топ тәрбиешілеріне концелярлық құралдар мен балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойыншықтар үлестірілді. Төртінші мәселе бойынша барлық педагогтармен ақылдаса келе аттестация комиссиясының мүшелерімен таныстырды.

Аттестаттау комиссиясының төрайымы: Б.Естауова

Төрайым орынбасары: М.Нурлыбекова

Хатшы: М.Нурлыбекова
Аттестаттау комиссиясының мүшелері: А.Холдарбекова,
Ш.Ескендирова болып тағайындалды.

Бесінші мәселе бойынша әр топ тәрбиешілері оқу қызметінің көрнекі құралдар мен үлестірмелі материалдарын, үлгілерін көрсетіп, таныстырып шықты.

Алтыншы мәселе бойынша барлық тәрбиешілердің портфолиоларын ретке келтіріп, толықтыру керектігі айтылды және жаңа келген тәрбиешілерге портфолио бастап, толықтыруларын ескертті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Оқу — тәрбие жұмыстары жаңа стандарт талаптарына сай өзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін.

Мерзімі — үнемі, күнделікті

Жауапты — тәрбиешілер, әдіскерлер

2. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.

Мерзімі — үнемі

Жауапты — тәрбиешілер, әдіскерлер.

Төрайымы:

Хатшы:



Б.Естауова

А.Шамуратова

«Айболған» ЖШС бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің хаттамасы №2

Қатысқандар: 10

Мерзімі: 11.11.2019 ж

Тақырыбы: «Бейнелеу өнері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын бейнелеу түрлері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан - жақты жетілдіру; Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымын дамыту. Балаларды адамгершілікке баулу. Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ұжымда тату, бірлесе сурет салуға дағдыландыру. Сурет арқылы ойын, қабілетін, шығармашылығын дамыту. Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара шығармашылық қабілеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Талқылау сұрақтары:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
 2. «Балабақшада бейнелеу өнері сабағын ұйымдастыру» баяндама
 3. «Балабақшада сурет салуда дәстүрлі емес технологияларды қолдану»
 4. Шебер-сынып: «Ермексазбен жұмыс істеу әдіс-тәсілі»
 5. «Жас ерекшеліктері бойынша баланың ауру – сырқау нәтижесі»
 6. Ағымдағы мәселелер
- Келесі педкеңеске тапсырма: «Дидактикалық ойындар» картотекасын дайындау

1. Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Б.Естауова сөз алып, мектепке дейінгі балалардың бейнелеу қабілеттері мен шығармашылығын қалыптастыру қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ғалым-педагогтар мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу қабілетінің дамуын жан-жақты әлі де қарастыруды қажет етеді деген пікірлер айтуда. Бала мектепке келгенде қабылдау, ойлау және есте сақтау қабілеті жоғары дәрежеде болуы тиіс. Сондықтан балаға мектепке дейін бейнелеу қабілетін дамыту маңызды. Ол үшін арнаулы дәлелденген, тәжірибе жүзінде іске асырылған нәтижелі іс-әрекеттер жасалынуда. Бейнелеу өнері мектеп жасына дейінгі баланың көркем қызметін түсіндіреді, ол арқылы баланың тұлғасын жан – жақты дамуына әсер береді, онымен қатар айналадағы өмірді активті түрде танып білуі, өздерінің көзқарастарын графикалық және пластика түрде шығармашылықпен жеткізе алатындарын тәрбиелейді. Әрине, бала бүкіл бейнелеу өнер түрлерін жаулап

алуы мүмкін емес, сондықтан педагог бейнелеу қандай өнердің ерекшеліктерін бала түсіне, қабылдай алады дегенді белгілеуге көмектеседі. Сурет салу, жапсыру, құрастыру сабақтарында – өз дегенінен қайтпайтын, айнымайтын, ұқыптылық, еңбекқор тұлға қасиеттері қалыптасады. Бейнелеу өнер үрдісінде балалар графикалық және көркем шеберлік пен әдетке, айналадағы өмірдің құбылыстарын талдауға үйренеді. Балабақшадағы бейнелеу сабақтары айналамен танысуларына көп көмек береді онымен қатар өзінің көзқарасының дамуына, көз алдына елестетулеріне, есте сақтауларына, сезімдеріне және тағы басқа психикалық үрдістерге көмектеседі. Педагог баланың психологиясын жақсы білсе, онда баланың бейімділігін, ықыласын түсінуге ықпал етеді. Бейнелеу өнер сабағы баланың тілін дамытуға, тіл байлығын кеңейтуге мүмкіндік туғызады. Педагог негізгі оқу тәсілдерінде ең бірінші сөзді пайдаланады; сабақтың тақырыбын анықтайды, тапсырманың орындау реттілігі туралы айтады. Тәрбиешінің эмоционалды, ашық түрде айтқан сөзі баланың бейнелеу үрдісін тереңірек түсінуге көмектеседі деп атап өтті. Келесі сөз кезегі балабақша әдіскері М.С.Нурлыбековаға берілді.

2. Тыңдалды: Әдіскер: Нурлыбекова М.С. – құрметті Естауова Б. Сіздің сөзіңізге толықтай келісемін. Мектепке дейінгі балалардың өмір сүру қалпы, оның есте сақтау және ойлай білу дәрежесімен тығыз байланысты. Сондықтан да есті дамыту – үлкен өзгеріс есті-бала алдында есте қалдыру, бейнелеу мақсатын қойып, тиісті тәсілдер қолдануды бастайтын (мысалы, есте қалдыру үшін іс-әрекетті бірнеше рет қайталайды) арнайы мнемикалық іс-әрекетін болуы дейді. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау, бейнелеу қабілетіне тән заңдылықтар да қазіргі таңда зерттелінуде. Балалардың бейнелеу қабілетінің рөлі, ойлау процесіне қарағанда маңызды болмаса онан кем емес. Мектепке дейінгі балалардың бейнелеу қабілетінің жоғары болатындығын ғалымдар кеңінен қарастырды. Балабақшада бейнелеу өнерімен шұғылдану болмысты танудың тиімді құралы болып табылады және сонымен бірге көзбен көріп қабылдау, қиялдау, кеңістікті елестете білу, есте сақтау, сезім және басқа психикалық процестердің дамуы мен қалыптасуына жәрдемдеседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеуі дегеніміз – олардың қиялынан туындаған көріністердің және құлағымен естіп, қолымен ұстаған нәрселердің және тағы да басқалары осы рецепторлардың бәрін біріктіре қалдырғанда ғана тиісті мағұлматты есте қалдыруы. Мектеп жасына дейінгі шақ өмірдің ерекше әлемі немесе «жұмбақ» сынды кезеңі. Балалар өмірінде де үлкендер сияқты күрделі шешілуі қиын, кейде тіпті шешілмейтін проблемаларда көп және олар мектеп жасына дейінгі балаларды жастайыннан ренжуге, қиыншылықтарды жеңе білуге, күресуге, қуануға мәжбүр етеді. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі педагогикалық ғылымның бір саласы, ол практикалық жұмыс тәжірибесін теориялық ғылыми жүйелендіріп таратады. Яғни бейнелеу әдістемесі педагогика ғылымы, психология, эстетика және өнертану негіздерін басшылыққа алып дамиды. Ол бейнелеу өнеріне оқытудың жаңа ереже заңдылықтарын жасайды, жинақтайды, ұсынады. Бұл әдістемені бейнелеу өнерін оқытудың ғылыми әдістемесі деп алуымызға болады. Сонымен қатар,

сол бейнелеу өнерін оқытудың ғылыми әдістемесін жинақтап, зерттеп ұсынған әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие процесінде жүзеге асыруды практикалық әдістеме деп атайды. Педагогикалық жұмыстағы әдістемелік осу, педагогикалық іскерлік дағдыларын меңгеру мұғалімнен белгілі бір қабілеттілікті және бейімділікті талап етеді, өйткені ол қиын да, күрделі және аса жауапты педагогикалық өнер.

Осы жоғары айтылып өткен мәселені жүзеге асыру үшін, барлық педагогикалық іскерліктеріңіз бен шеберліктеріңізді көрсетесіздер деп ойлаймын. Жаңа оқу жылында жаңаша табыстарға жетулеріңізге тілектеспін. Келесі сөз кезегін балабақша тәрбиешісі А.Холдарбековаға беремін.

3. Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі А.Холдарбекова: Мектепке дейінгі балалардың бейнелеу қабілеттері мен шығармашылығын қалыптастару қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ғалым-педагогтар мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу қабілетінің дамуын жан-жақты әлі де қарастыруды қажет етеді деген пікірлер айтуда. Бала мектепке келгенде қабылдау, ойлау және есте сақтау қабілеті жоғары дәрежеде болуы тиіс. Сондықтан балаға мектепке дейін бейнелеу қабілетін дамыту маңызды. Ол үшін арнаулы дәлелденген, тәжірибе жүзінде іске асырылған нәтижелі іс-әрекеттер жасалынуда.

Сонымен қатар балалардың бейнелеу қабілетінің рөлі, ойлау процесіне қарағанда маңызды болмаса онан кем емес. Балалардың бейнелеу қабілетінің жоғары болатындығын ғалымдар кеңінен қарастырды. Балабақшада бейнелеу өнерімен шұғылдану болмысты танудың тиімді құралы болып табылады және сонымен бірге көзбен көріп қабылдау, қиялдау, кеңістікті елестете білу, есте сақтау, сезім және басқа психикалық процестердің дамуы мен қалыптасуына жәрдемдеседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеуі дегеніміз – олардың қиялынан туындаған көріністердің және құлағымен естіп, қолымен ұстаған нәрселердің және тағы да басқалары осы рецепторлардың бәрін біріктіре қалдырғанда ғана тиісті мағлұматты есте қалдыруы деп түсінемін.

4. Тыңдалды: Келесі сөз кезегін балабақша меңгерушісі алып, қай заманда болмасын есті де еңбек сүйгіш, қайырымды ұрпақ тәрбиелеу адамзаттың асыл парызына саналған. Жас ұрпағын дүниеге көзі ашық, айналасындағы тіршілікке зер салып, таныммен қарауға тәрбиелеген. Өз кезінде ғасырлар бойы қолданылып, сұрыпталып, тұрмыс, өмір тәжірибесі сынынан өткен салт-дәстүрлеріміз бала тәрбиелеу құралы, әдіс-тәсілі ретінде пайдаланылған. Халық тәжірибесі - ғасырлар бойы сараланып, жұртшылықтың ой-арманымен, тыныс-тіршілігімен, шаруашылық кәсібімен, отбасылық қоғамдық, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп өркендеп ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұра. Бала табиғатынан қимыл-қозғалысқа құмар жан. Ол үнемі секіруді, қарғуды, жүгіруді қалайды. Осыған орай біздің халықта: "Баламен ойнама шаршарсың" "Бала - құлыншақ, бала - ұрыншақ", "Ойнай білмеген бала, ойлай білмейді", - деп бекер айтылмаса керек.

Бесінші мәселе бойынша әр топ тәрбиешілері оқу қызметінің көрнекі құралдар мен үлестірмелі материалдарын, үлгілерін көрсетіп, таныстырып шықты.

Алтыншы мәселе бойынша барлық тәрбиешілердің сурет салу құралдарын, ермексазбен жұмыс жасауда керекті құрал-жабдықтарды түгелдеуін сұрады..

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Тәрбеленушілердің шығармашылық дамуын бейнелеу өнері арқылы дамытуда барлық жұмыстар методикалық талапқа сай жүргізілсін.

Мерзімі – үнемі, күнделікті

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскерлер

2. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.

Мерзімі – үнемі

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскерлер.

Төрайымы:

Хатшы:

Б.Естауова

А.Шамуратова

«Айболған» ЖШС бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің хаттамасы №3

Қатысқандар: 10

Мерзімі: 10.01.2020 ж

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі мекеменің білім беру процесінің деңгейін көтеруде жаңа технологиялардың ролі»

Мақсаты: Заманауи инновациялық әдістерді мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қолдану арқылы, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, жан – жақты дамуына тигізер үлесі өте зор.

Талқылау сұрақтары:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы мектепке дейінгі мекеменің біліктілік сапасын көтеру» баяндама
3. «Дамыта оқыту технологиясы» баяндама
4. «Балаларды дамыту үшін балабақшада зияткерлік ойындарды ұйымдастыру» баяндама
5. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі
6. Ағымдағы мәселелер

1. Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Б.Естауова сөз алып, №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуының деңгейі жақсы екендігін айтты. ХХІ ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әсіресе шет тілін үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту тәрбиеленушілерге дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс:

- тәрбиеленушілерді оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «дамыта оқыту» жүйесі даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекет арқылы баланың жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады. Жаңаша оқыту технологиялардың бірі — «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы — технологиялардың ішіндегі шоқтығы биік, ерекшелігі мол, құнды технология. Келесі сөз кезегі балабақша әдіскері М.С.Нурлыбековаға берілді.

2. Тыңдалды: Әдіскер: Нурлыбекова М.С. — Сапа — адамның болмысы, елесінің, таным процесінің шексіздікке дейін дамуын айтады. Дамыта оқыту — күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр бала өзін - өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады. Дамыта оқыту барысында балалар тәрбиешінің айтқанын тыңдауымен шектеліп қалмай, тәрбиеші бос уақытында сол баламен шағын зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Дамыта оқыту баланың ойлау, сезіну қабілетін дамытады. Профессор Д. Б. Эльконин пікірі бойынша «дамыта оқыту жүйесімен білім алған балалардың дүниеге деген көзқарастары терең және көріп білудің жаңа тәсілін игергендері көзге түседі, яғни дүние және адам тану үрдісі баланың сол үрдісінен толық шұғылдану және қызығу таныту жағдаятында пайда болады». Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті оқу материалын балаларға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс - әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру. Оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру; Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу; Баланың сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту. Келесі сөз кезегін балабақша тәрбиешісі Ескендірова Ш. беремін.

3. Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі Ш.Ескендірова: Балабақшадағы оқыту-тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту,сөздік қорларын молайту,ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Дамытушы ойын — бұл бала үшін ой иелігінен өткен құбылыс, оған бала өз еркімен ойынға қатысып, даңа тәжірибе алмасып, одан алған білімі оның жеке байлығы болады, сондықтан оны басқа жағдайларда қолдана алады. Алған тәжірибесі балаға өз ойында қолдануға мүмкіншілік беріп, оның шығармашылық ұсынысының дамуы. Адамның әрекеті екі түрлі болуы мүмкін: іске асыру және репродуктивтік, кіріктірілген және шығармашылық. Репродуктивтік түр біздің есте сақтау қабілетімен тығыз байланысты. Оның түпкі мағынасы бала бұрынғы білімін қайталап, еске түсіреді, сол арқылы бұрынғы білімін қайталап еске түсіреді, сол арқылы бұрынғы мәселелерін шеше алады. Бұл түр ешқандай жаңа түр болмайды. Оның негізгі бұрынғы білгенін толық және

толық емес қайталау болып табылады. Бұндай тәжірибе бала үшін маңызы бар, ол қоршаған ортаға дағдылануды жеңілдетеді, күнделікті дағдыларды пайда болдыра отыра оны біркелкі жағдайларда қайталап отырады.

4. Тыңдалды: Келесі сөз кезегін балабақша тәрбиешісі А.Холдарбекова жалғастырды. Дамыту ойыны барысында баланың есте сақтау қабілетін арттыру болып табылады және оның ойлау қабілеті жұмыс істей бастайды. Күнделікті талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, көргеніне жауап беру және қорытынды жасау, сондай-ақ сөйлеу қабілеті қалыптасады. Балалардың шығармашылығын, танымдық қызығушылығын, сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Бесінші мәселе бойынша әр топ тәрбиешілері оқу бағдарламасын игеруге бойынша аралық даму мониторингін көрсетті.

Алтыншы мәселе бойынша барлық тәрбиешілердің кездесіп отырған мәселелерді меңгерушімен, әдіскермен тікелей талқылау керектігі атап өтілді.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Келесі педкеңеске тапсырма: өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша папкалар, буклеттер дайындау, көрме ұйымдастыру.

Мерзімі – үнемі, күнделікті

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскерлер

2. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.

Мерзімі – үнемі

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскерлер.

Төрайымы:

Хатшы:

Б.Естауова

А.Шамуратова

«Айболған» ЖШС бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің хаттамасы №4

Қатысқандар: 10

Мерзімі: 09.03.2020 ж

Тақырыбы: «Педагогтардың өздігінен кәсіби дағдыларының жүзеге асуының қалыптасуы»

Мақсаты: Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың (студенттердің) психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (студенттерге) өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды, кәсіби дамуды көздейді

Талқылау сұрақтары:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Кәсіби дамудың негізі мен психологиясы
3. Педагогтың кәсіби құзіреттілігі-білім сапасын көтерудің факторы
4. Педагогтардың кәсіби біліктілігінің арттыру мониторингі.
5. Ағымдағы мәселелер

1. Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Б.Естауова сөз алып, Кәсіби даму – бұл жүйелі беку, білім саласында жетілу және кеңею, тұлғалық сапалардың дамуы, жаңа кәсіби білімдер мен дағдыларды меңгерудегі қажеттілік, өзінің барлық еңбек жолында белгілі міндеттерді атқара білу.

Кәсіби даму міндеттілік немесе жалған емес, ойлаудың, пайдалы әдеттің негізі болуы керек. Қоғамдық қызығушылықтардың көзқарасы бойынша, адамның кәсіби дамуы тек кәсіби әдеп кодексінің бір пункті: өзімен жұмыстанбайтын адам, кәсіби маман деп танылмайды деп те қарауға болады.

Кәсіби даму адамнан саналы, бағытталған, белсенді оқуды талап етеді. Мұндай оқу басқа формалардан анық ерекшеленеді. Әрбір адам өзінің қандай бағытта дамуы керек, ақпараттарды қандай әдістермен алатынын, қандай жолмен меңгеретінін өзі шешеді.

Адамның кәсіби дамуының деңгейлік жоспары мынадай бағытта болғаны жөн:

1. Жұмыс, еңбек әрекеті – қандай дағдылар қолданылмайды және неге? Түсіндіріңіз.

2. Кәсіби дағдылар – өз дағдыларыңызды 5 баллдық жүйеде бағалаңыз. Бұл сізге қандай дағдыларыңызды жетілдіруіңізді анықтауға көмектеседі.
3. Құндылықтар – Сіздің құндылығыңыз топтың өзекті деп санайтын құндылықтарымен қаншалықты сәйкес екендігін тексеріңіз. Бұл өз құндылықтарыңызды қайтадан қарауға көмектеседі.
4. Оқу – өзіңізге жаңа мәліметтерді меңгеруге қолайлы стратегияны таңдаңыз.

Қазіргі уақытта білім беру саласында өзгерістер көп, сол өзгерістерге лайық педагог болу үшін қойылатын талаптар да күрделене түсуде. Бұл адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту қажет дегенге әкеледі. Оған білім беруді гуманизациялау сай келеді.

Білім берудегі гуманизация да тұлғаның ақыл – ой, эмоциональдық, еріктік және адамгершілік әлеуетін байыту, өзін – өзі көрсету, өзін – өзі дамыту шекарасын кеңейту және өзіндік қалыптасу үшін ақиқат жағдайлар туғызуды талап етеді. Мұны білім берудің гуманистік мақсаты деп санаған философ Э.В. Ильенков еді. Аталған гуманистік мақсат әр адамның жеке дамуының адамдық мәдениетінің шегін, танылған және танылмаған, жасалған және жасалмаған аймағын анықтауға мүмкіндік береді. Адамды мәдениеттің жаңа деңгейін меңгеруге көшіру, оның әлемге, басқа адамдарға және өзіне деген қатынасын өзгерту, өз іс – әрекеттері және оның әкелер жағдайына деген жауапкершілігін арттыру – білім беруді гуманизациялаудың басты нәтижесі. Педагогтың кәсіби дамуының психологиялық теориясының басты идеясы мынадай негізгі жағдайларда қалыптасады: егер оқу – танымдық үрдіс орын алса, онда оның даму үрдісі де орын алады. Сондықтан білім мен түрткілер тұлғаның кәсіби дамуының негізі болады. Әр тұлға өзінің білімін жетілдіріп, түрлі түрткілерден қуаттанып, әрекетке көшетіні анық дүние. Кәсіби тұрғыдан үнемі дамып отырған педагог психологиясы айқын сезіліп, жұмыстануға, өзгені де дамытуға оң ықпалын тигізері сөзсіз.

Психологиялық қызмет мамандары білім беру мекемелерінде оқуды жеңіл және тиімді етіп, жағымды эмоция қалдыруда үлесін тигізеді: өзін – өзі реттеу тәсілдерін үйретеді, хабарлама жасауға, реферат жазуға, конференцияларға қатысуға сөйлеу дағдыларын жетілдіруге тренингтер өткізеді, мазасызданудың, үрейдің, стресстің алдын алу шараларын ұйымдастырады. Психологиялық дайындықтан өткен адам өзін еркін және сенімді ұстап, ерекше ықыласпен, талпыныспен жұмыстанады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда еліміздегі Назарбаев зияткерлік мектептерінің жұмысында айтарлықтай оңды істер жүзеге асырылуда. Әрбір маманды танымал оқу орындарына біліктілігін арттыру курстарына, семинарларға, конференцияларға, жобалық жұмыстарға жіберіп, кәсіби жағынан шыңдалуға әсер етуде. Сыни тұрғыдан ойлап, жаңа технологияларда жұмыстана алатын, құзыретті, артына ере білген баланы да жан – жақты дамытуға бағытталған біздің педагогтар нәтижелі жұмыстануда. «Сенің қолыңнан келеді», «Біз саған сенеміз», «Саған үміт артамыз» деген түрткі сөздердің өзі – ақ психологиялық ахуал қалыптастырудың бастамасы деп білемін. Келесі сөз кезегі балабақша әдіскері М.С.Нурлыбековаға берілді.

2. Тыңдалды: Әдіскер: Нурлыбекова М.С. – «Нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесі» ұғымының Қазақстан Республикасындағы білім саласына енуіне байланысты «білім», «білік», «дағды», «білімділік», «дайындық» сияқты ұғымдары автоматты түрде «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарымен алмастырылып, қазіргі уақытта практиктердің кеңінен қолданылып жүрген үйреншікті сөзіне айналып кетті. Сондықтан «құзыреттілік» пен «кәсіби құзыреттілік» түсініктерін анықтауда салыстырмалы түрде талдау жасап, олардың мәнін ашып көрейік.

«Құзыреттілік» ұғымының кең таралымына қарамастан, бұл ұғымның мәні терең ғылыми талдауларды және оны негіздеуді талап етеді. Сондықтан да талдау ең алдымен, қолданыстағы ұғымның не екендігіне жауап іздеуден басталады. «Құзырет» пен «құзыреттілік» түсініктерін анықтауда салыстырмалы түрде талдау жасалған, оларды көптеген ресейлік және шетел зерттеулерінен (И.А.Зимняя, В.И.Байденко, Н.А.Гришанова, Д.А.Махотин, О.Е.Лебедев, С.Адам, У.Клемент және тағы басқалардың еңбектерінен) көруге болады.

Қазіргі уақытта жеке тұлғаның психологиялық, теориялық және практикалық дайындық сұрақтары, педагог бойындағы кәсіби қасиеттер мен қабілеттердің қалыптасуы, оның беделі мен кәсіби шеберлігі, педагогикалық ойлауы, ғылыми еңбекті ұйымдастыру мен біліктілікті жоғарылату мәселелері бойынша кең түрде әдебиеттер қоры құрылды. Оларға С.И.Архангельский, Ф.Н.Гонобалин, Н.В.Кулюткин, И.Т.Огородников, А.И.Пискунов, В.А.Сластенин, А.И.Щербаков, Н.В.Кузьмина, Н.Ф.Талызина, В.В.Краевский, Н.Д.Хмель, С.Т.Каргин, А.К.Маркова, К.С.Оспанов және тағы басқалардың ғылыми еңбектерін жатқызуға болады.

Бүгінгі күнде «құзыреттілік» түсінігі тек қана негізгі педагогикалық категориялардың бірі ретінде ғана емес, сонымен бірге пәнаралық зерттеудің, яғни, «педагогтың кәсіби құзыреттілігі» түсінігінің мәнін анықтау мәселесі психологтардың, педагогтардың, маман-практиктердің және т.б. арасындағы дау мен қайшылықтардың объектісі болып табылады. Мысалы, М.И.Лукьянова кәсіби құзыреттілікті жоғарылату мәселесін белсендіре отырып, онда психологиялық- педагогикалық құзыреттілікті атап көрсетеді. Себебі, оның пікірінше, білім берудегі ізгілендіру идеяларының таралуына байланысты, оны неғұрлым маңызды және жалпы кәсіби құзыреттіліктің салыстырмалы дербес құрылысы деп санайды. Болашақта маңызды және кәсіби құзыреттіліктің құрылысындағы салыстырмалы дербес жүйесі ретінде психологиялық-педагогикалық құзыреттілік ерекше түрдегі қабілеттілік ретінде көрсетеді және ерекше жағдайларда басқа адамдармен өзара қарым-қатынас жасау мен педагогтың мүмкіндіктерін білдіреді. М.И.Лукьянова психологиялық- педагогикалық құзыреттілікті педагогикалық іс-әрекетке кәсіби дайындығының жоғары деңгейі ретінде жеке тұлғаның белгілі бір қасиеттерінің жиынтығы және білім беру үрдісінде оқушылармен тиімді өзара қарым-қатынас деп түсінеді. Оның негізгі компоненттері ретінде психологиялық- педагогикалық бейімделудің үш блогын көрсетеді:

- сауаттылық, яғни жалпы кәсіби деп қабылданған білімдер;
- іскерлік, педагогикалық іс-әрекетінде және өзара әрекеттестікті ұйымдастыруда мұғалім өзінің бойындағы бар білімді қолдану қабілеті;
- жеке тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттер, педагогикалық іс-әрекет үрдісінің өзінен ажыратылмайтындай болуы.

Біздің пікірімізше, автор құзыреттілікті белгілі бір жүйені құраушылардың негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырады. Сонымен қатар мұнда мұғалімнің кәсіби маңызды және жеке тұлғалық қасиеттері алға шығады. Келесі сөз кезегін балабақша тәрбиешісі Ш.Ескендіроваға беремін.

3. Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі Ш.Ескендірова: Мұғалімнің жеке кәсіби өсу мониторингі педагогикада маңызды орын алады. Себебі, білім мен тәрбие беруде кәсіби өсу өте қажет. Келер ұрпақтың білімді болуына үлкен ықпал ететін бірден-бір фактор – кәсіби шеберлік. Сондықтан да мұғалімнің кәсіби өсу деңгейін уақытылы қадағалау – мониторингтің басты факторы болып саналады.

Мониторинг білім беруді басқарудағы әрекеттің тиімділігін көтеруге, басқару жүйесінің технологиялық негізі болуға және едәуір ауқымды, әртүрлі мәліметтерді қорытуға, білім беру процесін түзету, дәлдеу арқылы нәтижелерге жедел әсер етуді қамтамасыз ететін, білім беру жағдайы туралы ақпараттарды нақты беруге арналған.

4. Тыңдалды: Келесі сөз кезегін балабақша меңгерушісі алып, жоғарыда айтылған сөздерді жеңіл қабылдамай, өзіміздің дамуымызда пайдалану керектігін және сол арқылы нәтижесін көрсету керектігін айтып өтті.

Бесінші мәселе бойынша әр топ тәрбиешілері оқу қызметінің көрнекі құралдар мен үлестірмелі материалдарын, үлгілерін көрсетіп, таныстырып шықты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Кәсіби тұрғыда даму барысында кәсіби құзыреттілік пен кәсіби біліктіліктерін т.б. бірлесе алып жүру, дұрыс әрекет ете білу.

Мерзімі – үнемі, күнделікті

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскерлер

Төрайымы:

Хатшы:



Б.Естауова

А.Шамуратова

«Айболған» ЖШС бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№5

Қатысқандар: 10

Мерзімі: 04.05.2020 ж

Тақырыбы: «2019-2020 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау.»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жас мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани – адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық- кеңістіктік дамытушы орта құру.

Талқылау сұрақтары:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Басшының ұжым алдындағы баяндамасы: «Бөбекжайдың 2019-2020 оқу жылында жүргізілген жұмыстарына талдау»
3. Оқу –тәрбие бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы
4. 2019-2020 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін қарастыру және бекіту
5. Психологиялық- медициналық- педагогикалық консилиум жұмысының есебі
6. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту
7. Ағымдағы мәселелер

1. Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Б.Естауова сөз алып, Бөбекжайдағы жемісті жұмыстарының көрсеткіштерінің бірі, балаларды мектепке сапалы дайындау болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруге жүргізілетін мониторинг балалардың бес білім беру саласы бойынша даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылды. Бұл үшін барлық жастағыларды зерттеу картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар, 5 білім беру саласы: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» салалары бойынша әр түрлі жастағы топтарда жүйелендірілген дидактикалық материалдар қолданылды. Балаларды бақылау әңгілелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асты. Тексеру нәтижелеріне өтпелі тақырыптық есеппен қорытынды жасалды және одан әрі жұмыс істеу үшін түзетулер енгізілді. Бөбекжайда педагогикалық кеңес жылына бес рет өткізіліп, әр түрлі тақырыптар талқыланды. Басым

бағыттар бойынша жұмыстар педагогикалық кеңесте қаралды. Педагогтар жұмыс істеген бірыңғай әдістемелік тақырып та осы бағытпен байланысты болды. Балалардың әлеуметтік дамуы жөніндегі жұмыстардың жағдайың, басым бағыттың және бірыңғай әдістемелік тақырыптың жүзеге асырылуын анықтау мақсатында тақырыптық тексеріс жүргізілді. Бөбекжайда педагогтарға әр түрлі тақырыпта кеңестер берілді. Жоспар бойынша кеңес жылына бес рет берілді. Қыркүйек айында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары» тақырыбында педагогтарға жаңартылған білім мазмұны бойынша практикум-кеңес өтті. Педагогтардың жұмыста диагностикалық әдістемелерді және мониторинг бағдарламаларын қолдану, балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау мақсатында әдіскер М.Нурлыбекованың басшылығымен, әдістемелік кеңес отырыстары жылдық жоспарға сай ұйымдастырылып, өткізілді.

2. Тыңдалды: Әдіскер: Нурлыбекова М.С. – 2019-2020 оқу жылында өткізілген ОТЖ талдау негізінде және бөбекжайдың «Балалардың моральдық-рухани тәрбиесі» ортақ мақсатынан туындап, жаңа оқу жылының ортақ әдістемелік тақырып ретінде «Балабақша тәрбиеленушілердің моральдық-рухани тәрбиесін және білім алуын арттыру жолында педагогтардың кәсіби біліктілігін жоғарылату» алынды. Келесі сөз кезегін балабақша тәрбиешісі А.Холдарбековаға беремін.

3. Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі А.Холдарбекова: Ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады. «Менің сүйікті-ата-әжем» тақырыбы бойынша ата-аналар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылып, барлық топтар арасында «Атадан балаға өнеге» атты аталар сайысы өтті. Сайысқа төрт топтың аталары қатысып, өз өнерлерін көрсетіп, балаларға баталарын берді. Алтын күз мерекесі қарсаңында «Күз керемет» атты табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылып, ата-аналар табиғи материалдан жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастырды.тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ата-аналардың қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстан!» атты суреттер көрмесі өтті. Көрмеге барлық топтың ата-аналары белсенді қатысты. «Баланың тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар» атты жылжымалы папка, «Менің отбасыммен демалысым» - фотокөрме, «Ойлаймыз да ойнаймыз» - фото көрініс, «Балабақша мен отбасы» атты педагогикалық консилиум, «Балаларды қалай жақсы көру керек?» ата-аналар үшін қарым-қатынас сабағы, практикалық ұсыныстар, «Баланың үрейі» психолог кеңесі, «Мектепке барамын» тақырыбында ата-аналарды, психолог, бастауыш сынып мұғалімдерін қатыстыру негізінде ашық есік күні, «Іш-асқазан ауруларының профилактикасы» медбике кеңесі, «Отбасында баланы еңбекке баулу» кеңес, «Дені сау болып өсемін!» (І кіші топ балаларын тамақтандыру) Тағамдық қоспалар мен дәрумендер», «Егу не үшін қажет?» медбике кеңесі, «Компьютер ойындарының зияны» атты кеңес, «Жол тәртібін білейік, Аман есен жүрейік!»-жылжымалы папка, «Құстарға қамқорлық» табиғи материалдардан көрме, жас ата-аналарға кеңес: "Сөйлеп үйренемін", «Ата-ана балаңыз мектепке дайын

ба?» атты сауалнама, «Ертегілер әлемі» кітаптар көрмелері ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысында оқу жылында өткізілген жұмыстар жайлы ақпарат беріліп, балабақшаның негізгі мақсат-міндеттерінің орындалуы, сонымен қатар балабақша және үй жағдайында балалардың өмірлерін сақтау және денсаулықтарын қорғауды ұйымдастыру шаралары айтылды.

4. Тыңдалды: Келесі сөз кезегін балабақша меңгерушісі алып, Психологиялық қызметтің негізгі міндеттерінің орындалғандығы туралы айтып өтті.

- Балалардың интеллектуалдық-мотивациялық ауқымын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді.
- Балаларды мектепке дайындау бойынша жұмыстар жүргізілді.
- Қызметкерлермен суицидтік әрекеттердің алдын алу бойынша және білім беру мекемесі деңгейінде балалардың психологиялық ахуалын бақылау бойынша ағартушылық бағыттағы жұмыс жүргізілді.

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы негізінде балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі. Елді мекеннің ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді:

1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі;

2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

3) 1 қыркүйекте 6 (7) жасқа толған балалар мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін босатылады;

4) балаларды бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады. 2019-2020 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде бөбекжайда 1 маусымнан бастап жазғы сауықтыру кезеңі басталады. Жоспар бойынша аптаның 4 күні жазғы кестеге сәйкес жеңілдетілген оқу қызметтері өткізіледі. Аптаның бесінші күні апталық тақырыпты қорытындылау нәтижесінде ойын-сауық өткізіледі. Ойын-сауыққа жауапты педагогтар бекітілді. Балаларды жазғы кезеңде дене-сауықтыру жұмысы (спорттық және қимылды ойындар, таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері, музыкалық-ырғақтық қимылдар, дербес қимыл белсенділігі, ұсақ моториканы дамыту ойындары, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған гимнастика және т.б.), тиімді тамактануды ұйымдастыру, шынықтыру (күннің көзіне қыздырыну, серуендер, жорықтар, жарыстар және т.б. сауықтыру жүйесін қамтиды. Мектепке дейінгі ұйымда жаз кезеңі шығармашылық, сауықтыру мен қарым-қатынас, ойындар, сауық-кештер, бірлескен және жеке еңбек, тәжірибелік-эксперименттік әрекет түрлерін де қамтиды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Келесі педкеңеске тапсырма: дайындау Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары бойынша жүргізілген жұмыстар қорытындысы бойынша альбом, буклет дайындау.

Мерзімі – үнемі, күнделікті

Жауапты – тәрбиешілер, әдіскерлер .

Төрайымы:

Хатшы:




Б.Естауова

А.Шамуратова